

ЕСЛАМ ҚАЗАСЫНА КӨНІЛ АЙТУ

Сонау Еслам үздік туған бала екен,
Байтақ елге асқар таудай пана екен.
Сол панадан, сол баладан айрылып,
Жалпақ Жауар¹ жүргегінде жара екен.

Көлі кетіп, шөлге айналса – жер жетім,
Ері кетіп, шер байланса – ел жетім.
Білдім анық жастың үздік туғанын,
Көрмесем де, көргеннен соң ел шетін.

Білдім жастың асып туған бағасын,
Жас та болса, байтақ елге ағасын.
Қалың Жауар үстіндегі қамқаның
Тағдыр тартып жыртқан екен жағасын.

Есін жия ел деп құлаш серменті,
Ағайынның бірін де жат көрмепті.
Ер азамат бір нақақтан қысылса,
Қорғау бопты, бірін қолдан бермепті.

Тартыпты ылғи тура жолға, мақұлға,
Асқар таудай пана бопты жақынға.
«Халық айтса, қалт айтпайды» деген ғой,
Ие бопты байтақ, терең ақылға.

Ажал – бір жол, аттап өтпек айла жоқ,
Өткен адам қайта келмес, қайла жоқ.
Солай, Зеке, елге тоқтау айтқан жөн,
Оймен азып, жасығаннан пайда жоқ.

Солай, Зеке, ой сабырмен басылар,
Әзіңіздей ағасы бар, жасы бар.
Жақсы туған ер азамат жоқ емес,
Ел асқар ғой, талай қымбат тасы бар.

Сол сұңқарды кім ұмытар, кім қыып,
Кетіпті өлім ел ойна у құйып.
Бірақ ақыл жеңгені жөн сол ойды,
Ой деген бір дария ғой тұңғиық.

Ой деген – бір терен дария тұңғиық,
Ой қажытар бір қайғы, бір нұр құйып.
Ой деген – сел, онда құлан қағы жоқ,
Ой дегенің – таусылмайтын кермиық.

Жүрген жері сауық-думан базардай,
Ажал шіркін қаратпайды ажарға-ай.
Жолаушымын, уақытъым тар болмаса,
Жігіт екен арнап сөздер жазардай.

Жігіт екен кемеліне келе алмай,
Арманда өткен толық жеміс бере алмай.
Кемеріне келіп, толса сонау жас,
Ел қалар ма ед ер жемісін тере алмай.

Тауда тас көп, тас ішінде тас болар,
Елде жас көп, жас ішінде жас болар.
Сақа құймас қолайына жақпаса,
Асыл туған жас байтаққа бас болар.

Мүше келсе, «ат боларлық құлын» дер,
Жақсы туса, сонда мынау ұлым дер.
Сол ұлынан ерте айрылса саналы ел,
Үзілгендей болды, дүние, жолым дер.

Солай, Зеке, қайысса да қабырға,
Болсын байтақ енді миға – сабырға.
Өлім жол ғой, ел – жолаушы сол жолда,
Енді қарай бермегейсің қабырға.

Фибрат алып ақынның бұл хатынан,
Қайғынды азайт көкіректен атылған.
Тар жолдарда жолдас болған жолдасым,
Кішілік айттым Зылиқаның да атынан.